

## Жаһандану кезеңінде әлеуметтік мәселелер саласындағы мемлекеттің қызметі

А.М. Каратаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

**Аннотация.** Бұл мақалада әлеуметтік сипат мәселелері және оның шешу жолдары қарастырылып, жаһандану кезеңінде әлеуметтік мәселелер саласындағы мемлекеттің қызметі сарапталады.

Қазіргі кездегі әлем елдері, оның ішінде Қазақстан Республикасы жаһандану кезеңінде өмір сүріп жатыр. Әлемдік экономикалық дағдарыс, әлеуметтік әл-ауқаттың нашарлауы, жаппай тәртіпсіздіктердің орын алуы, әр түрлі саяси кикілжіңдердің болуы жаһандану дәуірінің белгілері болып табылады. Осы кезде Қазақстан Республикасы әлемде болып жатқан әр түрлі дағдарыстардың куәсі бола отырып, өзінің дамуында қақтығысып отыр. Соның бірі ұзақ уақыт бойы қалыптасқан әлеуметтік мәселелер. Оның бірнеше себептері бар:

Біріншісі, қиын әлеуметтік және экономикалық дағдарыстар барысында адамдардың әл-ауқатының төмендеуі, соның нәтижесінде бірқатар мәселелердің туындауы. Олар: жастардың отбасы құруға ынтасының жоқтығы, көптеген отбасында балалардың аз болуы.

Қазіргі кезде жас отбасылары арасында бір баладан кейін тағы басқа бала тууды кейінге қалдыру етек алуда. Бірқатар әлеуметтанушылардың зерттеулерінде жас кезде бала туудың келеңсіз тұстарының баршылығын атап көрсетеді. Ол көбінде әл-ауқаты төмен халықтың бөлігінен кездеседі. Тұрғылықты халықтың мұндай бөлігін әлі оқуын бітірмеген, ешқандай мамандығы жоқ, үйде тұрақты кіріс жоқ, үйі жоқ, жұмыссыз қалу қаупі бар адамдар құрайды.

1995 жылғы Қазақстан Республикасының қолданымдағы Конституциясының 27-бабында: «Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата-ананың етене құқығы және міндеті» делінген [1]. ҚР Конституциясының бұл бабы ана мен баланың, отбасының мемлекеттің қорғауында болады деген міндет, ол азаматтарға белгілі бір ақша қаражатын алып тұру құқығын береді дегенді білдірмейді. Әлеуметтік

қамсыздандыруға конституциялық құқықтан шығатын әр түрлі жәрдемақылар мен бірреттік ақылардың нақты көлемі туралы мәселелер әлеуметтік қамсыздандыру туралы заңдарымен реттелініп отырады. Өз ретінде атқарушы билік ҚР Үкіметі мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады (ҚР Конституциясының 66-бабы). Сонымен қатар, ана мен баланың әлеуметтік қорғалуына кепілдікті бекіту бойынша конституциялық міндеттерді мемлекетпен жүзеге асырылуы үшін құқықтық тұрғыдан мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық дамуына тікелей қатысы бар. Қазақстан Республикасының неке және отбасы заңында еліміздегі отбасы қатынастарының құқықтық реттелуінің негізгі бастамалары қарастырылған [2]. Ол Қазақстан Республикасы конституциялық құрылысының негізі мен адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын баянды ететін Қазақстан Республикасының қолданымдағы Конституциясының ережелерімен тікелей не жанама байланысты болып келеді. Жалпыға мәлім отбасы әрқашанда қоғамның тірегі болған және болады да.

Отбасы қатынастарын құқықтық реттеудің негізгі мақсаты – отбасын нығайту, өзара махаббат пен сыйластық сезімдеріне негізделген отбасылық қатынастарын құру отбасы мүшелерінің алдында жауапты әрі өзара көмек берушілік болып табылады. Бұл мақсаттар некеге отыру және тоқтату, ерлі-зайыптылардың, ата-ананың, балалардың құқықтары мен міндеттері, бала асырап алу және т.б. сияқты институттар арқылы неке және отбасы заңының негізгі идеясымен анықталады. Отбасын қорғау тек отбасылық құқықтық нормалармен ғана емес, еңбек, тұрғын үй, әлеуметтік қамсыздандыру сияқты құқық салаларының нормаларымен де реттеледі.

Некениң, отбасының, ана, әке, баланың қорғалуы қызметі мемлекеттің қолдауына ие болады. Ол дегеніміз осы аяда мемлекеттің функциясы тек неке және отбасы қатынастарын реттеумен ғана шектелмейді, керісінше оның мазмұны мен көлемі жағынан да ұлғаяды.

Мемлекет ана мен әке, баланың қорғауын бекітеді, осыған мұқтаж адамдардың сыныптарын анықтайды. Мемлекет көпбалалы отбасылар, жалғыз басты ана мен әке, физикалық кемшілігі бар балалар, мүгедектер, асыраушысынан айырылған отбасылар, арнайы мемлекеттік балалар мекемелері үшін әр түрлі жеңілдіктерді қарастырады.

Халықтың орта есеппен кірістері жыл сайын өсіп отырады, өскенімен де, жаңа шығындарды өтеуге, медициналық қызметтерді, білім, көлік және т.б. жалақының жоғары деңгейін қалпына келтіру шарасы аз болады. Кейбір жеңілдіктерді алып тастау себебінен тұрғылықты халықтың әл-ауқаты төмен қабатына қиынға соқты. Мысалы, ең аз жалақы мөлшері негізгі білім ордасы болып табылатын мектептер мен халықтың денсаулығын сақтау мекемелерінің қызметкерлерінде болып отыр.

Әлеуметтік мәселелердің қатарына қазіргі кезде халықтың тұрғын үйге қол жеткізе алмай жүруі кіреді. Көп балалы отбасыларда тұрғын үй қажеттілігі жиі кездесетін проблема болып отыр. Әдетте көп балалы отбасылардың әл-ауқаты төмен болады. Егер халықаралық тәжірибеге сүйенсек, дамыған елдердегі отбасыларда бала аз болады, ал экономика жағынан қалып қойған елдердің отбасыларында бала көп болады.

Мұндай ахуалдан шығудың бірден-бір жолы болып мемлекет тарапынан екінші, үшінші, төртінші балаларды туған аналарға көбірек жәрдем-ақылар, медициналық қызмет алуға, коммуналдық қызметтерді төлеуде, балабақшаға жеңілдіктер жасап салық төлеуді де азайтса жағдай біршама жақсарар еді. Бұл шаралар кешенді мемлекеттік бағдарлама етіп белгіленіп, елдің ұзақ уақыт даму саясатына айналса жөн болар еді.

КСРО-ның салық заңдарына сәйкес бойдақтарға, жалғызбастыларға және балалары жоқ 25-50 жас аралығындағы еркектерге, 25-45 жастағы әйелдерге салық салынатын. Осындай салық мөлшерін бүгінгі заңдарға енгізсе, бойдақтардың, жалғызбастылардың саны біршама азаяр еді. Осы салықтан түскен ақшаны әл-ауқаты төмен, көп балалы не болмаса жетім балаларды қамтамасыз етуге жұмсаған жөн

болар еді. Сонымен бірге мемлекет ынталандыру шарасы ретінде балалары, немерелері және шөберелері көп отбасылардың алатын зейнетақыларын көбейтсе де дұрыс болатын еді.

Мемлекеттің басты байлығы – халық, сондықтан да ұлттың, халықтың өсіп-өркендеуін қамтамасыз ету үшін денсаулық сақтау, білім беру, салық, тұрғын үй және еңбек заңнамаларына реформалар жасау қажет.

Жаһандану кезеңінде көптеген жас отбасылар тұрғын үйге тапшы болып отыр, мемлекет тарапынан жастардың репродуктивтік мінез-құлқына әсер ететін тұрғын үймен қамтамасыз ету шараларын жүзеге асыру қажет. Бұл мәселені шешу үшін барлық деңгейдегі мемлекеттік органдардың қатысуы мен өзара әрекет етуі талап етіледі.

Жаһандану барысында әл-ауқаты төмен халықтың қабатын тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесін реттеу үшін жаңа тетіктер қажет. Жас отбасыны тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі әлеуметтік саладағы белгілі бір теріс құбылыстарға әкеліп соғады: жастарда әлеуметтік қорғалмаған сезім қалыптасады; дұрыс тіршілік етудің жоқтығынан жастардың еңбекке деген қабілеттіктері жоғала бастайды; тұрғын үймен қамтамасыз етумен байланысты қиындықтар үшін отбасы құруға қажеттіліктерінде азаяды; жастардың көші-қоны күшееді; көптеген жастар тұрақты тұруға шетелге кетеді; балалар мен жастардың қылмыстылығы күрделенеді және т.б.

Кіріс демекші, қазіргі кездегі әлеуметтік мәселелерді шешу үшін кірістің, ақшаның рөлі зор. Төмен кіріс табатын адамның тіршілігі де төмен, мұндай адам дамымайды. Әлеуметтік үрдістің негізгі себептерінің бірі болып тіршілік деңгейінің түсуі, ұлт денсаулығының жоқтығы, тамақ, азық-түлік сапасының жоқтығы, дәрі-дәрмектің қымбат болуы, әр түрлі нервтік жүйке жүйесінің жұқаруы, адамның рухани түсуі де себеп болады.

Адам өмірі қауіпті және күтпеген сәттерге толы. Кез-келген кезде денсаулықтан, сонымен қоса, тіршілік етудің негізгі көзі – жалақыдан да айырылып қалуға болады. Өмір сүрудің негізгі және көп жағдайда жалғыз көзі болып табылатын жалақыны жоғалту қызметкерді және оның отбасын аса ауыр материалдық жағдайға алып келеді, ал бұл, өз кезегінде, кедейшілікке, қайыршылыққа, әр түрлі ауруларға әкеліп соғады [3,3 б].

Кедейшілік төмен жалақыдан, төмен зейнет-ақыдан және төмен жәрдемақыдан болады.

Аталған қиындықтарды өз бетімен, дербес жеңу көп жағдайда мүмкін болмайды. Осындай кезде көмекке мемлекет келеді. Халықтың экономикалық тұрғыдан бәсең бөлігінің (қарт адамдардың, еңбекке қабілеттігі жоқ және жұмыссыз тұлғалардың) материалдық қамтамасыз етілу деңгейінің күрт төмендеу мәселесін шешуді мемлекет өз мойнына алады. Ол әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін жасап, әлеуметтік оқиғалар – кәрілік, өлім, науқастық, мүгедектік, ана болу, жұмыссыздық туындаған кезде зейнетақылар, әлеуметтік жәрдемақылар береді және қызмет көрсетеді. Елдің халқын әлеуметтік қамсыздандыруды дамыту, мемлекеттің әлеуметтік саясатының және қызметінің басым бағыттарының бірі болған және болып қала береді.

Жоғарыда атап өткеніміздей нарықтық қатынастар орын алған кез-келген өнеркәсіптік – дамыған мемлекетте халықты әлеуметтік қорғау азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктері жүйесінде маңызды орынды иеленеді. Алайда, нарықтық қатынастар өз бетімен халықты әлеуметтік қорғау механизмін туындатпайды. Халықты әлеуметтік қорғаудың ерекшелігі оның аса көп материалдық шығындарды талап етуінен және ешқандай пайда әкелмейтінінен көрініс табады. Осы ерекшелігіне орай халықты әлеуметтік қорғауды шешу мәселесін мемлекет өз мойнына алады [3,3 б].

Қенес заманында жас отбасыларға тұрғын үй тегін берілетін, қазіргі кезде әр бір адам тұрғын үй мәселесін өз бетінше шешеді. Елімізде бірнеше мың адам мемлекеттік бағдарламамен тұрғын үйге қол жеткізуге кезекте тұр. Бірнеше мың адамдар тұрғын үйді несиеге алу кезегінде жүр.

Жас отбасының тұрғын үйді жеке меншікке сатып алу көп жағдайда мүмкін емес. Себебі, елімізде тұрғын үйдің құны көп адамдардың «қалтасына» сай келмейді. Осы тұрғыдан жас отбасыларға тұрғын үй мәселесін шешуге байланысты мемлекеттік көмек қажет. Мысалы, баланың туылуына байланысты үйі жоқ жас отбасыларға мемлекеттік бағдарлама бойынша несие беру; олардың қол жеткіліктілігі; тұрғын үй жүйесін нығайту және т.б. түрінде іске асырылуы керек.

Екіншісі, балалардың проблемалары. Қазақстанда әлеуметтік қорғаусыз, ата-анасыз қалған балалар өте көп. Балалардың қаңғырып

жүрушілігі, баланың есірткіге құмарлығы және қылмыстылыққа бейімделуі, әлеуметтік және мемлекеттік қауіпсіздік деңгейіндегі проблемаға айналды. Қазақстанда 90 мың жетім бала бар, соның 46 мың балалары балалар үйінде, интернаттарда және т.б. арнайы мекемелерде тұрады. Оның 80% ата-аналары тастап кеткен балалар.

Қазақстандық балаларды шетел азаматтарының асырап алу саясатын дұрыс жүргізу қажет. Мемлекет балалар үйіндегі, интернаттардағы, қамқорсыз қалған балаларды республика азаматтарының асырап алуы жөнінде саясат жүргізуі қажет. Осы мақсатта халықаралық тәжірибелерге сүйенуі керек.

Осы жағдайды реттейтін республикамызда бірнеше заңнамалық актілер бар. Олар: «Неке және отбасы туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Отбасылық үлгідегі балалар ауылы мен жасөспірімдер үйлері туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» және т.б. Елімізде жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, мүгедек балалар мен олардың ата-анасының медициналық-әлеуметтік қамқорлық жасауға, мүмкіншіліктері шектелген балалардың проблемаларын шешуге арналған мемлекеттік бағдарламалар бекітілген. Олар: «Қазақстан балалары», «Жетім балалар», «Мүгедек балалар» және т.б. Балалардың мүдделерін қамтамасыз ететін бірқатар халықаралық құжаттар да бар. Олардың ішінде: «Бала құқығы туралы» Конвенция, «Мүгедектердің құқықтары туралы» Конвенция, «Балаларды қорғау және шетелден (мемлекетаралық) баланы асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы» Конвенцияларды айтуға болады.

Жетім балаларға қамқорлық жасауға арналған бағдарламалар да бекітілген. Ол бағдарламалар ата-анасынан айырылған балаларды қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайда өзіндік жеке тіршілік етуге дайындау үшін жағдай жасау жөніндегі шаралар, әлеуметтік жетімдіктің пайда болу себептерінің алдын алу, интернаттық мекемеде тәрбиеленіп жатқан жетім баланың әлеуметтік-экономикалық қамтамасыз ету, осы мекемелердің кадрлық және материалдық базасын дамыту, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды медициналық қамтамасыз етуді жетілдіруді қамтиды. Сондай-ақ мүгедек балаларға қам-

қорлық жасау мақсатында бағдарламалар бар. Мұндай бағдарламалар мүмкіншіліктері шектелген балалардың мәселелерін шешуді және халықтың осындай бөлігін тәуелсіз өмір сүруі үшін жағдай жасауды, мүгедек балалар мен олардың ата-анасының медициналық-әлеуметтік, әлеуметтік-экономикалық және өнегелік мәселелерді шешуге, олардың қоғамда бейімделуіне бағытталған. Сонымен бірге отбасын жоспарлауға арналған бағдарламалар да жүргізілуде. Мұндай бағдарламалар халықтың отбасын жоспарлауға арналған сұрақтарды қамтиды, сондай-ақ жасөспірімдердің, олардың ата-аналарына жыныстық және репродуктивтік мінез-құлқы мен отбасы-неке қатынастарының этикасы жайлы мәселелерді қамтитын жаңа көзқарастар жасауды қарастырады; жасөспірімдерді жыныстық тәрбиелеуде отбасы мен мектептің жауаптылығын күшейтуді, отбасын жоспарлау және оны қазіргі заманның талабына сай контрацепция құралдары және т.б. құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету мәселелері бойынша кәсіби дайындалған кадрлар бар қызметтерді ұйымдастыруды қамтиды. Сонымен қатар, балалардың тамақтануын дамытатын орталықтардың бағдарламалары, отбасы мен балаға әлеуметтік көмек көрсету, кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының алдын алу бағдарламалары бар.

Үшінші себеп, денсаулық сақтау саласындағы мәселелер. Ұлттың денсаулығы – тұрақты дамушы мемлекеттің басты байлығы. Денсаулықты сақтауға, туылымды көбейтуге, алғашқы медициналық санитарлық жүйені нығайтуға, жас балалары бар және әл-ауқаты төмен отбасыларды сапасы жоғары азық-түлік өнімімен қамтамасыз ету мақсатында, елімізде бірқатар мемлекеттік бағдарламалар қабылданды. Сонымен қатар, мемлекетте әр түрлі факторларға байланысты халық денсаулығының нашарлауы байқалуда. Оның ішінде әр түрлі жұқпалы аурулар (ЖҚТБ, АҚТК, туберкулез, гепатит және т.б.) етек жайып келеді. Мемлекет халықтың денсаулығы саласын реттеуде көптеген заңнамалар қабылдады.

Жаһандану кезеңінде адамдар қоғам дамуының негізгі тірегі ретіндегі денсаулық жағдайының нашарлауымен қақтығысып отыр. Денсаулық сақтау құқығы бұл Қазақстан Республикасы Конституциясында белгіленген құқық болып табылады.

Қазіргі кезде елімізде халықтың денсаулығын сақтау барысында көптеген заңи актілер қабыл-

данды. Туылымның сапасын әйелдің репродуктивтік денсаулығын жақсарту үшін әр түрлі мемлекеттік шаралар жүргізілуде. Дені сау баланың туылуы дені сау әйелге байланысты. Бұл жағдайда мемлекет әйелдердің денсаулығын жақсарту мақсатында санаторияларға емдеуге тегін түрде жіберу арқылы көмектесе алады. Сонымен қатар, балаға қарау негізіндегі демалыс уақытын еңбек стажына бекітіп, баланың белгілі бір жасқа толғанға дейін бір күндік жұмыстың жарты күндігін ғана орындап, оған тиісті бюджет заңына сай толық жалақы алуын қамтамасыз етуі қажет.

Адам өлімінің көпшілік себебі жолкөлік апаттарының нәтижесінде болады. Сонымен қатар өндіріс жағдайындағы аурулардың нәтижесінде де адам өлімі өсіп келеді. Өндірісте жұмыс жасайтын мыңдаған адамдар шаң-тозаң, ауаның ластануы, әртүрлі техникалық прогрестің жетістігі нәтижесінде уланады. Кәсіпорындарда денсаулық сақтау жүйелері қамтылмағандықтан, медицина бөлімшелерінің жетіспеушілігінен осындай мәселелердің болуын қамтып отыр.

Осы кезеңде халықтың жұмыс істейтін бөлігінің денсаулығын жақсарту жөнінде шараларын қамтитын құқықтық реттеу базасы қажет.

Халықтың денсаулығына адамдардың әлауқаты, тұрмыс деңгейімен тамақтану сапасының төмендеуі, еліміздің экологиялық ахуалы, жалақы мен басқа да әлеуметтік ақылардың төмендеуі елеулі зиян әкеледі.

Халық арасында жалпылама білім беру, медициналық білім беру арқылы аурулар мен өлімді тоқтатып, ұрпақты дұрыс жолға салуымызға мүмкіншілік бар.

Қазақстан Республикасының дамушы елдерге қарағанда тіршілік ету сапасы жағынан артта қалып келеді. Қазіргі кезде тіршілік етудің сапасының негізі тіршілік ету ұзақтығы, әлауқаты деңгейі, білім және қоршаған ортаның жағдайы болып табылады.

Көп адамдардың денсаулығы дұрыс тамақтанбау нәтижесінде де бұзылады. Шетелдің тез тамақтану әдісін елімізде қолданғалы бері халқымыз семіздік ауруына шалдығуда. Сонымен қатар, әр түрлі сапасыз тағамдарды қолдану адам ағзасына елеулі зиян әкелуде. Көптеген жас өсіп келе жатқан ұрпақтарымыз спортпен шұғылдануды қойды, спортпен шұғылданғаннан гөрі сыра, арақ ішкенді дұрыс деп санайтын болды.

Денсаулықты сақтау саласындағы заңдардың жүзеге асырылуы үшін атқарылатын бастапқы

шаралары – халықтың әл-ауқаты мәселесін мемлекет тарапынан алғашқы қатарлы мәселе етіп оны қамтамасыз ету халықтың тұрмыс, еңбек тіршілік жағдайын және демалуға жағдай жасау, аурудың алдын алуға, салауатты тіршілік етуге негізделген үгіттеу, насихаттау, ақпараттандыру жұмыстарын жүргізу болып табылады.

Адамдардың гигиеналық тазалық нормаларын сақтамауынан әр түрлі жұқпалы жыныстық онкологиялық, жұқпалы тері аурулары, туберкулез, гепатит сияқты аурулар етек жайып келе жатыр.

Халықаралық сауда ұйымының мәліметтеріне сүйенсек, Қазақстан туберкулез ауруының көрсеткіші жағынан алғашқылардың қатарында тұр. Қазіргі кезде денсаулық сақтау жүйесі аурулардың алдын алумен емес, емдеумен әлекке түсуде, себебі халықтың басым бөлігі өз ауруларын дер кезінде емдемей жүріп алады.

Біздің ойымызша, халықтың денсаулығының нашарлауының бірнеше себептері бар. Олардың қатарында, адамның өз уақытында дәрігерге көрінбеуі, әр түрлі әлеуметтік-экономикалық дағдарысқа ұшырауы, дәрі-дәрмектің қымбаттылығы, медициналық қызметкерлердің жұмысының сапасыздығы, білікті медициналық кадрлардың жетіспеушілігі, медициналық қызметкерлердің коррупцияға жақындығы және т.б.

Қазіргі адамдардың көбі тегін медициналық көмектің бар екендігін білмейді, сонымен қатар, қандай жағдайда төлеу керектігін және қай жағдайда төлемейтіндігін білмейді.

Жаһандану кезеңінде денсаулық сақтауды басқару үшін медициналық ғылымды дамыту қажет, халықтың денсаулығы туралы тұрақты мәліметтер жинау қажет, денсаулық сақтау қызметін дамыту керек, медициналық-анықтама, медициналық-ақпарат жүйелерінің қызмет етуін көтермелеу қажет. Осы аяда Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының басшылығымен он жылда бір рет өткізілетін аурулар, жарақаттар

мен өлімнің себептерін халықаралық статистикалық топтастыру жетекші орын алады. Аурулардың халықаралық топтастырылуы алынған құжаттардың халықаралық сәйкестігін қамтамасыз ететін нормативтік құжат болып табылады.

Әлемдегі көптеген мемлекеттер адам денсаулығын жақсарту мен өлімді азайту үшін тіршілік ету дағдысын өзгерту бағытын ұстанады. Қазақстан халқының тіршілік ету дағдысын, салауатты өмір сүруіне жағдай жасау үшін бастапқыда кедейшіліктің таралуын тоқтатып, жұмыссыздықты жою қажет. Сонымен қатар, жас ұрпақтарымызға дұрыс тәрбие беруге ұмтылуымыз қажет.

Сонымен мемлекеттің әлеуметтік функциясы дегеніміз – адамдардың әл-ауқатын көтермелеуді қамтамасыз ету, тұрғындардың еңбекке қабілетті бөлігін жұмыспен қамту және мемлекеттік қолдауға мұқтаж адамдарға әлеуметтік қорғауды жүзеге асыру бойынша мемлекет қызметінің басты бағыттары болып табылады. Мемлекеттің әлеуметтік функциясы білім, ғылым, мәдениет, азаматтардың денсаулығы саласындағы мемлекеттік саясатты қамтиды.

### Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жылы қабылданған. 21 мамыр 2007 жылғы өзгертулер мен толықтырулармен. – Алматы, 2008.
2. Қазақстан Республикасы. Неке және отбасы туралы Заңы. 17 желтоқсан 1998 жылы Парламентпен қабылданған. 21 мамыр 2007 жылғы өзгертулер мен толықтырулармен // Егемен Қазақстан. – 2007. – 22 мамыр.
3. Жұмағұлов Ғ.Б., Ахметов А., Ахметова Г. Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы: оқу құралы. – Алматы: Заң әдебиеті, 2005. – 360 б.

**А.М. Каратаева**

В данной статье рассматриваются проблемы социального характера и раскрываются пути их решения, также раскрываются функции государства в сфере социальных проблем в период глобализации.

**A.M Karataeva**

In this article is devoted to problem of social characters, analysis function of state in the sphere of social problem in the period of globalization.